

**ЕАЭО ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

**ENSURING FOOD SECURITY IN KAZAKHSTAN IN THE CONTEXT OF THE EAEU**

**ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ КАЗАХСТАНА  
В УСЛОВИЯХ ЕАЭС**

**А.Е. БЕДЕЛБАЕВА**<sup>\*1</sup>

*экономика және бизнес магистрі*

**А.К. ШАРИПОВ**<sup>2</sup>

*э.ф.д.*

**Ж.С. ДОСУМОВА**<sup>3</sup>

*экономика және бизнес магистрі*

<sup>1</sup>*І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан*

<sup>2</sup>*Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы,  
Талдықорған, Қазақстан*

<sup>3</sup>*Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды  
дамыту ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан*

*\*автордың электрондық поштасы: aselya.mukatova@mail.ru*

**А.Е. BEDELBAEVA**<sup>\*1</sup>

*Master of Economics and Business*

**A.K. SHARIPOV**<sup>2</sup>

*Dr.E.Sc.*

**ZH. DOSSUMOVA**<sup>3</sup>

*Master of Economics and Business*

<sup>1</sup>*I. Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan,  
Taldykorgan, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*Kazakh Research Institute of Economy of Agro-Industrial Complex and Rural Development,  
Almaty, Kazakhstan*

*\*corresponding author e-mail: aselya.mukatova@mail.ru*

**А.Е. БЕДЕЛБАЕВА**<sup>\*1</sup>

*магистр экономики и бизнеса*

**А.К. ШАРИПОВ**<sup>2</sup>

*д.э.н.*

**Ж.С. ДОСУМОВА**<sup>3</sup>

*магистр экономики и бизнеса*

<sup>1</sup>*Жетісуский университет им. И. Жансүгурова, Талдықорған, Қазақстан*

<sup>2</sup>*Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан,  
Талдықорған, Қазақстан*

<sup>3</sup>*Казахский НИИ экономики агропромышленного комплекса и развития сельских  
территорий, Алматы, Қазақстан*

*\*электронная почта автора: aselya.mukatova@mail.ru*

---

Аңдатпа. Мақсаты – Еуразиялық экономикалық одақ жағдайында Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемаларын зерттеу. Әдістері - монографиялық, экономикалық-статистикалық, дерексіз-логикалық. Нәтижелері - ЕАЭО-ға қатысушы елдердің әрқайсысында орнықты дамудың басым бағыттары мен тетіктері айқындалғаны көрсетілген. Агроөнеркәсіптік кешеннің негізгі экономикалық көрсеткіштері қаралды, бұл өткен уақыт кезеңімен салыстырғанда ауылшаруашылық өнімдерін өндіру көлемінің едәуір өскенін көрсетеді. Азық-түліктің экономикалық және физикалық қолжетімділігін сипаттайтын және осы саладағы жеткілікті қолайлы жағдайды растайтын





Одаққа мүше мемлекеттер ішкі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, аграрлық әлеует, халықтың негізгі тамақ өнімдерін тұтыну деңгейі және азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етуі бойынша айтарлықтай сараланған.

Азық-түліктің экономикалық және физикалық қолжетімділігінің негізгі сипаттамасы базалық азық-түлікті жан басына шаққан-

дағы орташа тұтыну көрсеткіші болып табылады. 1 кестеде ЕАЭО елдері үшін 2020 жылғы жағдай бойынша тұтынудың нормативтік деңгейлері көрсетілген. Бұл көрсеткіштерді салыстыру тұтастай алғанда ЕАЭО елдеріндегі азық-түлікпен қамтамасыз ету жағдайының айтарлықтай қолайлы деп сипаттауға болатынын көрсетеді.

1 кесте – 2020 жылы ЕАЭО елдерінде базалық азық-түлік өнімдерін жан басына шаққандағы орташа тұтынудың нақты және нормативтік көрсеткіштері, кг/жыл

Азық-түлік атауы	Қазақстан Республикасы	Ресей Федерациясы	Беларусь Республикасы	Армения	Қырғыз Республикасы
Нан және астықты қайта өңдеуден алынған басқа да өнімдер	138/109	116/96	80/105)	174/130	115/189
Картоп	149/100	89/90	170/170	67/91	99/57
Көкөністер және бақша дақылдары	94/149	107/140	150/124	198/110	114/150
Жеміс-жидек	75/132	61/100	92/178	103/73	124/112
Ет және ет өнімдері	78/78	75/73	94/80	58/37	61/39
Балық және балық өнімдері	13,2/14	20,2/22	12,8/18,2	5,2/11	9,1/7,7
Сүт және сүт өнімдері	261/301	229/325	247/393	261/312	200/185
Жұмыртқа (жылына, дана)	193/265	280/260	259/294	204/183	183/166
Қант	46/17	39/24	39/33	26/18	26/13
Өсімдік майы	19,2/12	14/12	18/13,2	10,3/7,3	9,3/9,6

Ескерту: автормен [қараңыз 5] әдебиет негізінде құрастырылған

Қазақстанда азық-түлік ресурстары халықтың қажеттілігін тұрақты қанағаттандыруға мүмкіндік береді, алайда рацион теңгерімсіздікті көрсетіп отыр. Нақты көрсеткіштердің, атап айтқанда, сүт өнімдерін, жұмыртқаларды, жемістерді, көкөністер мен картопты тұтыну нормативтерінен елеулі түрде артта қалуы, астық өңдеу өнімдері, қант және өсімдік майлары бойынша олардың айтарлықтай асып кетуі сақталады. Азық-түлікті тұтынудың ұсынылатын физиологиялық нормаларынан мұндай ауытқуларды халық үшін салыстырмалы түрде қымбат азық-түліктің жеткіліксіз экономикалық қолжетімділігімен де, жергілікті тамақтану дәстүрлерімен де түсіндіруге болады [6].

Негізгі азық-түлік тауарларын өндірудің жылдық көлемі халықтың физиологиялық тұтыну нормаларына сәйкес, жылдық қажеттілігінің 80%-ынан кем болса, Қазақстанда азық-түлік тәуелсіздігі қамтамасыз етілмеген деп саналады. 2020 жылы ішкі өндіріс, жемістер мен қанттан басқасы,

барлық негізгі өнімдер бойынша ағымдағы тұтынудың 80%-ынан асты. Бірақ жан басына шаққандағы орташа тұтыну көрсеткіштері мен физиологиялық нормалар арасындағы айырмашылықтарды ескере отырып, өзін-өзі қамтамасыз ету критерийі картоп, көкөністер мен жемістерге сәйкес келмеді. Сүт және ет өнімдері, жұмыртқа бойынша ұлттық өндіріс нормативтік қажеттіліктердің 80-82%-ын, ал астық, қант және өсімдік майлары бойынша 150%-дан астамын құрады. Бұл ретте Қазақстандағы қанттың негізгі бөлігі импорттық шикі құрақ қанттан өндірілетінін атап өткен жөн.

2020 жылы Қазақстанда 1,6 трлн теңге сомаға азық-түлік өнімдері өндірілді, бұл 2019 жылғы көрсеткіштерге қарағанда 17,5%-ға артық. Нақты мәнде 2020 жылы өндіріс көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 3,4%-ға өсті.

Өңірлер бөлінісінде ақшалай мәнде өндірістің ең көп көлемі Алматы облысына (232,6 млрд. теңге, 2020 жыл ішінде ақшалай мәнде 26,5%-ға артық) және

Қостанай облысына (202 млрд. теңге, 2020 жыл ішінде ақшалай мәнде 27%-ға артық), сондай-ақ Алматы қаласына (196,5 млрд. теңге, 2020 жыл ішінде ақшалай мәнде 9,8%-ға артық) тиесілі.

Қазақстандағы барлық азық-түлік өндірісінің жартысынан астамын ақшалай мәнде (54,8%) өндірістің үш секторы қамтамасыз етеді: 19,3% ұн-жарма өнімдері мен крахмалдар өндірісіне (303,9 млрд. теңге), 18,9% сүт өнімдерін өндіруге (296,9 млрд. теңге) және 16,6% үлеспен ет және ет өнімдерін өндіруге (260 млрд. теңге) тиесілі.

2020 жылы Қазақстанда азық-түлік өнімдеріне баға 2019 жылмен салыстырғанда 10,8%-ға қымбаттады. Атап айтқанда, жұмыртқа 18,8%-ға, жемістер мен көкөністер 13%-ға, нан-тоқаш өнімдері мен жармалар 12%-ға, майлар 12%-ға, балық және теңіз өнімдері 10,9%-ға, ет өнімдері 9,5%-ға, сүт өнімдері 9,1%-ға, қант, джем, бал, шоколад, кондитерлік өнімдер 9,1%-ға өсті [қараңыз 5].

Осы орайда, ЕАЭО жағдайында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз мақсатында Одаққа мүше мемлекеттердің ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігі саясатын, ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нақты шаралар кешенін әзірлеген жөн [7]. Одаққа мүше мемлекеттердің ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін келесі негізгі бағыттар мен шараларды іске асыру қажет:

1-бағыт. Одаққа мүше мемлекеттердің ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігін бағалаудың бірыңғай жүйесін енгізу:

- біріздендірілген және бейімделген көрсеткіштердің бірыңғай жүйесін (халықтың физикалық, экономикалық қолжетімділігі, тамақтану деңгейі) пайдалану негізінде азық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің мониторингін жүргізу;

- одақ шеңберінде мүше мемлекеттердің азық-түлікпен жеткілікті түрде өзін-өзі қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түліктің теңгерімді өзара саудасы мақсаттарын оңтайлы ұштастыру;

- одаққа мүше мемлекеттердің ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы ықтимал қатерлерді анықтау және болжау, олардың алдын алу жөніндегі шаралар жүйесін негіздеу [8].

2-бағыт. Агроөнеркәсіп саласында халықты жоғары сапалы тамақ өнімдерімен қамтамасыз етуге бағдарланған интеграцияланған азық-түлік жүйелерін қалыптастыру: ЕАЭО шеңберінде бірлескен азық-түлік кәсіпорындарын құру қажет, олар инновациялық технологияларды пайдалана

отырып, ауыл шаруашылығы өнімінің, шикізат пен азық-түліктің жекелеген түрлерінің бәсекеге қабілетті мамандандырылған өндірістерін интеграциялауға және Одақтың және үшінші елдердің аграрлық азық-түлік нарықтарына ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлікті ілгерілетумен айналысуы тиіс.

3-бағыт. Ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлікті өндіру мен өткізудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қолайлы орта құру:

- ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлікті өндіру мен өткізудің инновациялық технологияларын енгізу, ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа жоғары өнімді түрлерін шығару;

- ветеринариялық, фитосанитариялық және санитариялық-гигиеналық режимдерді сақтай отырып, ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түліктің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықаралық талаптарға сәйкес технологиялық регламенттер мен өндіріс стандарттарының жүйесін енгізу;

- қаржылық қолдауды, салық жүйесін, баға белгілеуді, сақтандыруды жетілдіру, жоғары технологиялық кәсіпорындарды қолдау үшін тікелей шетелдік инвестицияларды тарту үшін жағдайлар жасау арқылы ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түліктің өндірісі мен саудасын ынталандыру;

- ауыл шаруашылығы өнімін, шикізатты және азық-түлікті өндірудің әлемдік стандарттарына қол жеткізу мақсатында Одаққа мүше мемлекеттердің экономикасына инновациялық технологияларды, инвестицияларды тарту үшін нормативтік құқықтық жағдайлар жасау;

- ауыл шаруашылығында және қайта өңдеуші салаларда импорт алмастыратын өндірістер мен өндірістік кешендерді жедел дамыту [9].

4-бағыт. Одаққа мүше мемлекеттердің ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

- интервенциялық сатып алу мен сатуды жүргізу есебінен ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түліктің ішкі нарықтарының теңгерімділігін реттеудің тетіктері мен құралдарын енгізу;

- ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік айналымын бақылауды, сондай-ақ экологиялық таза жоғары сапалы өнім өндіруді сертификаттау және ынталандыру жөніндегі шараларды қоса алғанда, бүкіл технологиялық тізбек бойынша өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жүйесін ұйымдастыру [10].

Одаққа мүше мемлекеттердің ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету

жөніндегі мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің негізгі өлшемдері келесілер:

- маңызды құрамдас бөліктер бойынша азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін арттыру;

- физикалық және экономикалық қолжетімділік, халықтың тамақтану деңгейі;

- одақтың ішкі аграрлық азық-түлік нарығын сапалы тамақ өнімдерімен молықтыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;

- экономиканың аграрлық саласының елеулетін пайдалануды оңтайландыру және ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлігінің теңгерімді мемлекетаралық саудасы есебінен ЕАЭО тауар өндірушілерінің ішкі және әлемдік аграрлық азық-түлік нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түліктердің өзара саудасының тиімділігін арттыру.

#### Қорытынды.

1. ЕАЭО жағдайында Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамудың ұлттық басымдықтарына сәйкес өз халқын сапалы азық-түлікпен және халықтың барлық санаттары мен топтары үшін экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету жөнінде тиісті шараларды іске асыруда.

2. Одаққа мүше мемлекеттердің агроөнеркәсіп кешенінің әрекет етуінің ұйымдық-экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін келесі негізгі бағыттар бойынша тиімді жұмыс атқару қажет:

- \* интеграцияланған институционалдық, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуге негізделген Одаққа мүше мемлекеттер мен тұтастай Одақтың азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатерлерді анықтау, бағалау және алдын алу;

- \* одаққа мүше мемлекеттерде және ЕАЭО деңгейінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және реттеу жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны дамыту;

- \* одақ туралы шарттың негізгі ережелерін және мүше мемлекеттердің келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясатының тұжырымдамасын іске асыру негізінде мүше мемлекеттердің агроөнеркәсіптік кешен және ауылдық аумақтардың орнықты дамуын қамтамасыз ету саласындағы кооперациялау және ықпалдастықты дамыту;

- \* осы бағыттар мен шаралардың іске асырылуы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекет - Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін шешуге ықпалын тигізеді.

#### Әдебиеттер тізімі

[1] Молдашев, А.Б. Проблемы функционирования продовольственной системы Республики Казахстан/А.Б. Молдашев, Г.А. Никитина//Проблемы агрорынка.-2019.-№2.-С.11-19.

[2] Калиев, Г.А. Социальное развитие сельских территорий Республики Казахстан /Г.А. Калиев, Ч.У. Акимбекова //Проблемы агрорынка. -2018. -№2. - С.27-33.

[3] Кожухметова, Г.А. Современное состояние продовольственной безопасности в Республике Казахстан / Г.А. Кожухметова, О.В. Лашкарева // Успехи современного естествознания. -2015. -№1-5. -С.831-838.

[4] Госпорарик, Е. ЕАЭС-2050: глобальные тренды и евразийская экономическая политика /Е.Г. Госпорарик, М.М. Ковалев.- Минск: Издательский центр БГУ, 2015. -152 с.

[5] Kalykova, B. Rural territories of Kazakhstan: realities, problems and solutions/ B. Kalykova //Problems of AgriMarket. -2020. -№3. -P.209-215.

[6] Ибришев, Н.Н. Ресурсы как основа эффективного функционирования аграрного сектора /Н.Н. Ибришев //Проблемы агрорынка. -2019. -№1. -С.40-48.

[7] Алтухов, А.И. Зерновой рынок Евразийского экономического союза: проблемы и основные пути их решения /А.И.Алтухов/ /Вестник Курской государственной сельскохозяйственной академии. -2017. -№4. -С. 44-51.

[8] Стратегия экономической безопасности и социальной стабильности Казахстана: коллективная монография / под ред. академик НАН РК А.А. Сатыбалдина. - Алматы: Институт экономики Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, 2019. -740 с.

[9] Жолмуханова, А.Ж. Продовольственная безопасность Казахстана: состояние, проблемы, решения/А.Ж. Жолмуханова, А.Я. Койтанова //Проблемы агрорынка. -2018. -№3. -С.23-29.

[10] Сигарев, М.И. Государственная финансовая поддержка производства сельскохозяйственной продукции в условиях ЕАЭС /М.И. Сигарев, Т.А. Таипов //Известия НАН РК. Серия аграрных наук. -2018. -№2. -С. 42-49.

#### References

[1] Moldashev, A.B. & Nikitina, G.A. (2019). Problemy ustojchivogo funkcionirovaniya prodovol'stvennoj sistemy Respubliki Kazahstan [Problems of sustainable functioning of the food system of the Republic of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 2, 11- 19 [in Russian].

[2] Kaliev, G.A. & Akimbekova, Ch.U. (2018). Social'noe razvitie sel'skih territorij Respubliki Kazahstan [Social development of rural areas of the

Republic of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka – Problems of Agrimarket*, 2, 27-33 [in Russian].

[3] Kozhahmetova, G.A. & Lashkareva, O.V. (2015). Sovremennoe sostoyanie prodovol'stvennoj bezopasnosti v Respublike Kazahstan [The current state of food security in the Republic of Kazakhstan]. *Uspekhi sovremennogo estestvoznaniya - Achievements of modern natural science*, 1–5, 831–838 [in Russian].

[4] Gospodarik, E. (2015). EAES-2050: global'nye trendy i evrazijskaya ekonomicheskaya politika [EAES-2050: Global trends and Eurasian Economic Policy]. – Minsk: Izdatel'skij centr BGU, 152 p. [in Russian].

[5] Kalykova, B. (2020). Rural territories of Kazakhstan: realities, problems and solutions. *Problemy agrorynka - Problems of Agrimarket*, 3, 209-215.

[6] Ibrishv, N.N. (2019). Resursy kak osnova effektivnogo funkcionirovaniya agrarnoj otrasli [Resources as the basis for the effective functioning of the agricultural industry]. *Problemy agrorynka – Problems of Agrimarket*, 1. 40-48 [in Russian].

[7] Altukhov, A.I. (2017). Zernovoi rynek Evrazijskogo ekonomicheskogo soyuza: problemy i osnovnye puti ih resheniya [Grain market of the

Eurasian Economic Union: problems and main ways to solve them]. *Vestnik Kurskoj gosudarstvennoj sel'skohozyaistvennoj akademii – Bulletin of the Kursk State Agricultural Academy*, 4, 44-51 [in Russian].

[8] (2019). Strategiya ekonomicheskoy bezopasnosti i social'noj stabil'nosti Kazahstana [Strategy of economic security and social stability of Kazakhstan]: kollektivnaya monografiya /pod red. akademika NAN RK A.A. Satybaldina.- Almaty: Institut ekonomiki Komiteta nauki Ministerstva obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan, 740 p. [in Russian].

[9] Zholmuhanova, A.Zh & Kojtanova, A.Zh. (2018). Prodovol'stvennaya bezopasnost' Kazahstana: sostoyanie, problemy, puti resheniya [Food security of Kazakhstan: state, problems, solutions]. *Problemy agrorynka – Problems of Agrimarket*, 3, 23-29 [in Russian].

[10] Sigarev, M.I. & Taipov, T.A. (2018). Gosudarstvennaya finansovaya podderzhka proizvodstva sel'skohozyajstvennoj produkci v usloviyah EAES [State financial support for production of agricultural products in terms of the EAEU]. *Izvestiya NAN RK - Bulletin of the NAS RK*, 2, 42-49 [in Russian].

#### Авторлар туралы ақпарат:

**Беделбаева Асель Ериковна** – негізгі автор; экономика және бизнес магистрі; аға оқытушы; I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті; 040000 Жансүгіров көш., 187а, Талдықорған қ., Қазақстан; e-mail: aselya.mukatova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0747-0799>

**Шарипов Аскар Калиевич**; экономика ғылымдарының докторы; Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы; 040000 Қабанбай батыр көш., 48, Талдықорған қ., Қазақстан; e-mail: sharipov\_askar@bk.ru; <https://orcid.org/0000-0002-6533-2191>

**Досумова Жанат Сапарбековна**; экономика және бизнес магистрі; жетекші талдаушы; Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты; 050057 Сатпаев көш., 30б, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: doszhanna@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-2052-6494>

#### Information about authors:

**Bedelbayeva Assel Erikovna** – **The main author**; Master of Economics and Business; Senior Lecturer; I. Zhansugurov Zhetysu University; 040000 Zhansugurov str., 187a, Taldykorgan, Kazakhstan; e-mail: aselya.mukatova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0747-0799>

**Sharipov Askar Kalievich**; Doctor of Economic Sciences; Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan; 040000 Kabanbai batyr str., 48, Taldykorgan, Kazakhstan; e-mail: sharipov\_askar@bk.ru; <https://orcid.org/0000-0002-6533-2191>

**Dossumova Zhanat**; Master of Economics and Business; Leading Analyst; Kazakh Research Institute of Economy of Agro-Industrial Complex and Rural Development; 050057 Satpaev str., 30b, Almaty, Kazakhstan; e-mail: doszhanna@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-2052-6494>

#### Информация об авторах:

**Беделбаева Асель Ериковна** - **основной автор**; магистр экономики и бизнеса; старший преподаватель; Жетісуский университет им. И.Жансугурова; 040000 ул. Жансугурова, 187а, г.Талдықорған, Қазақстан; e-mail: aselya.mukatova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0747-0799>

**Шарипов Аскар Калиевич**; доктор экономических наук; Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан; 040000 ул. Кabanбай батыра, 48, г. Талдықорған, Қазақстан; e-mail: sharipov\_askar@bk.ru; <https://orcid.org/0000-0002-6533-2191>

**Досумова Жанат Сапарбековна**; магистр экономики и бизнеса; ведущий аналитик; Казахский научно-исследовательский институт агропромышленного комплекса и развития сельских территорий; 050057 ул. Сатпаева, 30б, г.Алматы, Қазақстан; e-mail: doszhanna@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-2052-6494>